

OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ
№2 (84) АҚПАН 2023 ЖЫЛ



МҰНАЙДЫҢ ӘР ТАМШЫСЫ
ЕРЕН ЕҢБЕКТІ КЕРЕК ЕТЕДІ

МЕНШІК ИЕСІ:
«Өзенмұнайгаз» АҚ
№2 (84) ақпан 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г куәлігі
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:
Әділ СҮЙЕБАЙ

БАС РЕДАКТОР:
Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ШОЛУШЫ:
Арғын БИСЕНОВ

ТІЛШІЛЕР:
Жазира АҚБЕРГЕН
Айман МАДРЕЙМОВА
Талғат САТЫБАЛДЫ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалдарын
көшіріп басуға редакция
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында басылды

БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

FACEBOOK



TELEGRAM



INSTAGRAM



TIKTOK



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ: МАҢҒЫСТАУДА 24 ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Астанада «Самұрық-Қазына» Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті. Жиында Қоғамдық кеңес өкілдері, мемлекеттік мекемелердің, «Атамекен» ҰКП өкілдері, ассоциациялар, сарапшылар мен қоғам белсенділері «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын талқылады.

Ұлттық жобада көрсетілген жоспарда 2025 жылға дейін Қазақстан бойынша 401 жаңа мектеп салу қарастырылып отыр, мектептер 842 мың оқушы қабылдай алады. Жаңа мектептер республикамыздағы қалаларда да, шалғай елді мекендерде де салынады. Жобаның жалпы бюджеті 2,6 трлн теңгені құрайды.

Ұлттық жобаның бірыңғай операторы – Samruk-Kazyna Construction. Ол құрылыс жұмыстарының белгіленген мерзім мен талаптарға сәйкес салынып жатқанын бақылайды, мердігерлерді таңдаудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жаңа мектептер 300, 600, 900, 1200, 1500, 2000, 2500 орындық деп белгіленген жеті түрдің біріне сай салынуы керек. Олардың әрқайсында робототехника кабинеті, бірнеше зертхана, аумағы 88 шаршы метр болатын хореография залы, үш коворкинг алаңы (бастауыш сынып оқушылары, орта сыныптар және мұғалімдер үшін) болуы керек. Жаңа мектептерді барлық оқушының қажеттілігін ескере отырып, заманауи технологияларды қолданып салу жоспарланды.

Жаңа мектептер ең алдымен мектеп тапшылығы бар аймақта салынады. Бекітілген жоспарға сәйкес, мектептердің көпшілігі Алматы облысында (63), Түркістан облысында (63), Шымкентте (25), Маңғыстау облысында (24), Астана (24) мен Алматыда (22) салынады. Қалған мектептер шағын қалаларды қоса алғанда, бүкіл Қазақстан бойынша теңдей бөлінеді.



ҚОС ТАРАПТЫҢ «ГАЛСТУКСЫЗ» КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ акт залында «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау жөніндегі Қордың басқарушы директоры Фибрат Ауғанов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының орынбасары Дәулетжан Хасанов компания жұмыскерлерімен, кәсіподақ мүшелерімен кездесті.

Бас директор Нұрдәулет Қилыбай төрағалығымен өткен басқосу «галстуксыз» форматта өтіп, туындаған сұрақтарға тұщымды жауап берілді.

«Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Бекқали Уақбаев «жұмысшылар еңбек өнімділігін жақсарту, көрсеткіштерді толық орындау үшін ҚМГ компаниялар тобындағы сатып алуларды оңтайландыруды жауапты мамандарға жеткізсеңіз» деген өтінішін айтты.

Сұрақ-жауап түрінде өрбіген отырыста көтерілген маңызды мәселелер дені сатып алуға қатысты болды.

Жиынға қатысқан сервистік мекеме басшылары да, кәсіподақ мүшелері де мұнайшы жағдайын жақсартуға қатысты ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Нұрдәулет Игілікұлы «кейбір қызмет, жұмыс түрлерінің Жаңаөзенде орналасуын, қажет жағдайда кәсіпкер өндірісі бар зауытты осы қалада ашып, қала тұрғындарын жұмыспен қамтуға үлесін қосу керектігін» қадап айтып, отырыс хаттамасына енгізді.

ҚОЗҒАЛТҚЫШТАР МЕН АГРЕГАТТАРДЫ ЖӨНДЕУ ЦЕХЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Бұрғылау жұмыстары басқармасында Қозғалтқыштар мен агрегаттарды жөндеу цехының ашылу салтанаты өтті.

Мердігер компания «Макс-КМ» ЖШС салған цех ауыр техниканы жөндеу жұмысын жеңілдетуді көздеп, 14 тонналық домкрат, 5 тонналық жылжымалы кран, сондай-ақ 3 шұңқырмен жабдықталды. Бұдан бөлек толықтай жылы еден төселген ғимаратта арнайы бөлмелер де қарастырылған.

Шараға қатысқан бас директор Нұрдәулет Қилыбай құттықтау сөзді Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан аға буын мұнайшы Орысбай Аташаев, Нұртас Еламановтарға ұсынды.

– Ұжым игілігіне берілген нысанды күтіп ұстап, тазалығын қадағалау – бізге міндет. Ізімізді қуып келе жатқан жас мамандарға істің бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, барымызды үйретіп жүрміз. За-

манауи ғимараттың бой көтеріп, мұнайшы еңбегі тиімділігінің артуы – көңілге қуаныш сыйлайды. Еңбек ұжымы атынан компанияға көп рахмет, – деді Нұртас Еламанов.

Лента қию құрметіне ие болған қос майталман мұнайшыға бас директор жаңа нысанның символикалық кілтін табыстады.

Басқарма директоры Ықылас Меңдібай көпшілікті цехтың тыныс-тіршілігімен таныстырып, бір топ еңбекқор азамат бас директордың Алғыс хатына ие болды.





«БАЛАҚАЙДА» 31-БАЛАНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Бас директор Нұрдәулет Қилыбай екі жасар Дінмұхаммед Таңатардың тұсауын кесіп, көлік сыйға тартып, қадамына құт тіледі.

– Орталықтың екі жылда жеткен жетістігі өте жақсы. Мұнайшылар ұрпақ денсаулығы мен болашағы жолында қозғаушы күш болғанына қуаныштымын. Игі істің арқасында бүгін міне 31-ші балапанның тұсауы кесілді. Дінмұхаммедті Алматыға жол түссе,

Қонаев атасының басына апарсам деймін, – деді бас директор.

82 жастағы Зияда әже денесінің сол жақ бөлігі әлсіз, тепе-теңдікті ұстай алмаған немересінің аяққа тұруына себепкер болған барша жанға алғысын айтып, ризашылығын жеткізіп, ақ батасын берді.

Шара соңында бас директор орталықтың жұмыс процесі, ем кабинеттері және қолданыстағы құрал-жабдықтардың жай-күйімен танысты.

7-БАЛАНЫҢ ТІЛАШАРЫ ӨТТІ

Орталықта психикалық дамуы тежелген балаларға да тегін медициналық көмек көрсетіліп, логопед, психолог, эрготерапевт мамандары жұмыстанады.

Екі рет емдеу курсынан өтіп, тілі шыққан жеті бала құрметіне тілашар шарасы ұйымдастырылды. Тақпақ айтып тақылдаған балапандарға көпшілік тарапынан қошемет көрсетілді.

Бас директор Нұрдәулет Қилыбай оларға «LEGO» құрастырғыш ойыншығын сыйлады.

Әке-шешелер атынан сөз алған Нұргүл Құлдашева ұлы Олжастың сөздерді анық айта бастағанын жеткізіп, сауапты істі жүзеге асыруға мұрындық болған мұнайшылар мен мамандарға шексіз алғысын білдірді.



АБЫРОЙЫ АСҚАК АЗАМАТ



АМАНЖАН ӨТЕСІНОВ

Қазыналы түбектің мұнай дариясын барлап, маңғаз Маңғыстаудың қойнауына бұрғы салып, қара алтынды игерген мұнайшы ардагерлер қазақтың маңдайына біткен бағы ғой. Уақытпен санаспай, табиғаты қатал, гулеген желі маңдайыңнан сипай қоймайтын мұнайлы аймақта аянбай еңбек еткен, мамандығына шын берілген, елінің ертеңі үшін тер төгіп, адал қызмет атқарған нағыз Азаматтардың еселі еңбегінің жемісін бүкіл ел болып көріп, бүгінгі ұрпақтың игілігіне жаратып отырмыз.

«Маңғыстау эпопеясының» даңқты батырларының бірі, өмірінің 53 жылын атақты Өзен кен орынан дамытуға сарп еткен ардагер геолог, Қазақстан Республикасы Жер қойнауын барлау ісінің озаты, Қазақстан Республикасының Құрметті жер қойнауының барлаушысы, Қазақстан Республикасы мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері, Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы Өтесінов Аманжан Нұрғалиұлы биыл мерейлі 80 жасын тойлағалы отыр.

Қара жердің тұңғығынан "қара алтын" іздеп, бүгін ел игілігіне жаратып отырған мұнай қазынасын игеру ісіне ат салысқан қазақ мұнайшының ардақтысы Аманжан Нұрғалиұлы 1943 жылы 5 мамырда Атырау облысы Жылыой ауданының Құлсары кентінде дүниеге келген. Мұнайшының баласы 21 жасында Гурьев қаласындағы

политехникалық техникумды «Өндірістік геофизика» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын атақты Жетібай кен орнында бастайды. Маңғыстауда зор мұнай қорының барын бүкіл әлемге паш еткен түбектің алғашқы қарлығашы – Жетібайдың жер қойнауын зерттеген жас геофизик Батыс Қазақстан кәсіпшілік геофизикалық экспедициясында бір жарым жыл техник-оператор болып жұмыс істеп, 1965 жылы «Қазақстанмұнай» бірлестігінің жолдамасымен Алматы қаласындағы қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ Политехникалық институтының мұнай факультетіне оқуға түсіп, оны 1970 жылы тау-кен инженер-геологы мамандығы бойынша озат оқып бітірді.

Кәсіби маман Өзен бұрғылау басқармасында инженер-геолог болып жұмысын бастап, Өзен, Теңге, Батыс Теңге, Қауынды, Көкімбай, Түрікменой секілді Маңғыстаудың мұнай-газ кен орындарында еселі еңбек етті. 1974 жылы «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінің «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасына жұмысқа ауысып, осы мекемеде инженер-геологтан бастап, геология бөлімінің аға геологы, цех бастығы, кәсіподақ комитетінің төрағасы лауазымдарына көтеріліп, абыроймен қызмет атқарды. Алып кәсіпорынның партком хатшысы болып сайланып, Жаңаөзен қалалық Бақылау комитетіне төрағалық етті.



Қазақстан тәуелсіздік алған тұста Жаңаөзен қалалық мәслихаты бірінші және екінші шақырылымдарының депутаты болған Аманжан Нұрғалиұлы қатарынан 4 рет, 18 жыл халықтың аманатын арқалады.

Өмірі Өзенмен өзектес болған, мұнайшылар қаласының өсіп-өркендеуіне зор еңбек сіңірген Аманжан Нұрғалиұлы Каспий жағалауындағы «Кендірлі» балалар демалыс жайының қазығын қағысып, жол төсеуге, құрылыс материалдарын тасуға, құрылыс жүрісін қадағалауға белсене араласты. Балалар лагерінің құрылыс жұмысын партком ретінде бас болып, мекемелердің кәсіподақ төрағаларымен бірге сол шаруалардың басы-қасында жүрді.

Аманжан Нұрғалиұлы қалалық Бақылау комитеті төрағасы қызметінде жүріп, Қызылсай кентінің әлеуметтік жағдайының қалыптасуына, осы елді мекен тұрғындарының тұрақты түрде теледидар көруіне жағдай жасап, ауылға хабар тарататын антенна орнатуға, ауыз су мәселесінің шешілуіне ат салысып, дүкен, пошта нысандары құрылысына тікелей басшылық етті. «Өзенмұнайгаз» басқармасының кәсіподақ төрағалығы қызметінде жүргенде Ресейдің Пятигорск қаласы маңындағы Иноземцево кентінен 320 орындық «Өзен» пионер лагерінің ашылуына барынша ат салысты.

1991-95 жылдары «Өзенмұнай» МГӨБ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болған кезінде де Өтесінов қосалқы шаруашылықты өркендету мақсатында Төңірекшың ойы дейтін жерге

Қиғаштың суын арзандатылған бағамен «Казтрансойл» арқылы тартып, шаруашылық жұмысын жүргізіп, мұнайшылар қаласын көкөніспен қамтамасыз етті. Кейін «Өзенмұнайгаз» ӨБ геология бөлімінің бастығы, №1 МГӨБ бас геологы қызметін атқарып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Кеңестік-мәжілістік сарапшылық кеңесінің мүшесі болды. 53 жыл Жаңаөзенде жұмыс істеп, оның 35 жылын «Өзенмұнайгаз» кәсіпорнына арнаған ардагер еңбек демалысына шықса да, қоғамдық қызметтен қол үзбей, мұнай саласына, мұнайшылардың өміріне әлі де белсене араласып келеді.

Өзен кен орнының қалыптасуына, қаз тұрып, өсіп-өркендеп, кең қанат жаюына куәгер ғана емес, сол игі істерге белсене араласқан ел азаматы жайлы Өзен мұнайын өндіретін кәсіпорынның тұңғыш басшысы, қаланың іргетасын қаласқан Рахмет Өтесіновтың айтқан мына сөздері біраз сырды аңғартады: «Сен еңбек жолыңды Өзеннен бастап, Өзеннен аяқтағалы отырсың, бұл адам қызығарлық тұрақтылық. Өзеннің өсіп-өркендеуіне бір кісідей-ақ еңбек сіңірдің. Ол ескерусіз қалмақ емес. Өзен кен орнының игерілу тарихындағы ең ауыр да жауапты жылдар сендердің үлестеріңе тиді. Сендер ол міндетті абыроймен арқалап шықтыңдар. Өзеннің қазіргі көз тартар көркі, ел алдындағы абырой-атағы сен сияқты байырғы мамандардың, адал ұлдарының еңбегінің нәтижесі».

Мұнайшылар қаласына бауыр басып қана қоймай, әрбір тасымен біте қайнасып кеткен абыройы асқақ азамат Өзен-

нің нағыз жанашыры болды. Барша қазақстандықтардың назарына ілініп, елді елең еткізген, әлеуметтік мәселелері әлі де өзектігін жоғалтпаған атақты Жаңаөзен қаласында 2011 жылы орын алған қайғылы оқиғадан кейін сол кездегі «ҚазМұнайГаз» компаниясының төрағасы Қиынов ардагер мұнайшыларды шақырып, Өзен кен орнындағы істің мәнжайын талдауға қатыстырған болатын. Сол ардагерлердің қатарында болған кен орнының бар құпиясын бес саусағындай білетін Аманжан Нұрғалиұлы кен орнының мәселелерін талқылап, талдаудан кейін оңды ұсыныстар мен шешімдердің қабылдануына қомақты үлесін қосты. Ардагер мұнайшы әлі де «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығымен бірлесе жұмыс істеп, кәсіпорынның директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры лауазымын атқаруда.

Қоғамдық қызметпен қатар, тәжірибелі тәлімгер мұнайшы геолог ретінде өзінің іс-тәжірибесін, ақыл-кеңесін жастарға жалықпай үйретумен келеді. Өтесіновтің мектебінен өткен шәкірттері еліміздің әр түкпірінде басшылық қызметтерде жұмыс істеп жүр. Кәсіпқой маман ғылым саласының дамуына да айтарлықтай үлес қосты, ол «Парафині көп Маңғыстау мұнайы» монографиясының, бірқатар ғылыми мақаланың авторы, қабаттың мұнай өнімділігін арттыруға арналған 2 патент иегері.

Еліміздің Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының өрістеуіне елеулі үлес қосқан Аманжан Өтесіновтің еңбегі еленіп, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдарымен, түрлі мақтау қағаздарымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

2015 жылы Н. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мұнай саласының кемеңгері жайлы «Қазақ мұнайының ардақтылары» топтамасында «Аманжан Өтесінов» ғұмырбаяндық кітабы жарық көрді. Ал 2016 жылдан бері Аманжан Нұрғалиұлы осы қордың Ақтау қаласындағы өңірлік үйлестірушісі қызметін атқарып келеді. 9 мыңнан астам ардагер мұнайшыны бір шаңырақтың астына біріктіре алған Н.Ә.

Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының құрылғанына биыл 19 жыл болады, соның 7 жылы ішінде қор қызметкерлерімен тізе қосып, көмекке мұқтаж мұнайшыларды қолдап, еліміздің мұнай шежіресін тізуге ат салысып, 100-ден аса кітаптан тұратын «Қазақ мұнайының ардақтылары» ғұмырнамалық кітаптар топтамасының жарық көруіне өз үлесін қосып, өңірдегі атақты мұнайшылардың есімдерін ұлықтап, түрлі мерейтойлар, кездесулер мен қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырып жүрген Аманжан Нұрғалиұлының «Мұнайшы» қоғамдық қорына сіңірген еңбегі зор.

Осындай іскер, кемеңгер тұлғамен еліміздің ардагер мұнайшыларына қамқор болып, қазақ мұнайы ардақтыларының есімдерін ұлықтап, мұнайлы аймақтардағы мыңдаған ардагердің мұң-мұқтажын шешіп отырған «Мұнайшы» қоғамдық қорының қара шаңырағында қызметтес болу – біздер, қор басшылығы мен қызметкерлері үшін зор құрмет.

Құрметті Аманжан Нұрғалиұлы, сіз мұнай саласында адал еңбек етіп, абырой биігінен көріндіңіз, еңбегіңіз еленіп, халықтың құрметіне, үлкен марапаттарға ие болдыңыз. Мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, үлкен бір әулеттің ақсақалына, ақылшы тірегіне, арқасүйеріне айналдыңыз. Сексеннің сеңгіріне шыққан мерейлі тойыңызда «Мұнайшы» қорының, қор қамқорына алған бүкіл мұнайшы ардагерлердің атынан сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз. Жақындарыңыз аман болсын, әулетіңіз өркендеп, ұрпағыңыз жайылып, мұнайшы атасының даңқын болашаққа жалғай берсін!

Ізгі тілекпен,

Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы-қоғамдық қорының»
Қамқоршылық кеңес мүшелері
**А.А. Құлыбаев, Л.О. Марабаева,
Р.Ж.Исаев, Б.Ш.Сматуллин,
Б.М.Махуов, Ш.С.Шамаров.**

Қызметкерлер
Абдулқаликова Ф.К., Тіналіева К.А.



№2 СҚКБ 42 ЖЫЛ ЕҢБЕК ЕТКЕН

ДЕМАЛЫС ХАНЫМ

Бүгінде №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы ӘӘҚБ инженері болып қызмет атқарып жүрген Демалыс Өтекова 1964 жылдың тамыз айында Қызылсай ауылында қарапайым отбасында дүниеге келіп, 1971-1981 жыл аралығында Бисалы Бабаханов, Оразғали Оңғарбаев, Тасемен Алдашев сияқты білімді де білікті мұғалімдерден білім алады.

Әкесі Мұқаш Өтеков Жантілеуұлы Маңғыстаудың алғашқы бұрғышыларының бірі, УУБР (УГРЭ) басқармасында бұрғышы, ағаш ұстасы болып ұзақ жылдар жұмыс істеген ол балаларына жұмыстың ауырлығы, күнделікті тұрмыс тауқыметі туралы жиі сөз қозғап отыратын-ды.

– Әкем марқұм шебер кісі болатын. Қолы қалт етсе, ағаш үй есіктерін, сандық, кебежелерді қазақы нақышта оюлап, шегесіз біріктіріп жасап шығаратын еді. Ол 1979 жылдары жасаған ағаш үйдің есігін әріптесім Д.Әмірбековтің отбасы әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Өнеріне бізді де баулыды. Өрнек ойып, әкеме қолғабыс болғанымды мақтаныш етемін. Емшілік қасиеті бар жарықтықтың елге шарапаты көп тиді, – деп кейіпкеріміз асқар таудай әкесін сағынышпен еске алды.

Демалыстың шешесі Қызылсай мектебінде кіші қызметкер болып еңбек етті. Өмірге 8 бала әкелген ардақты әке мен

аяулы ана балаларын балапандай баптап, мәпелеп өсірді. Демалыс үйдің алтыншы баласы. Бүгінде татар дәмі таусылып ағасы өмірден озды. Апалары мұнай саласында темір жонушы, реттеуші болып жемісті еңбек етіп, ел экономикасының қарыштап дамуына өзіндік үлес қосып, бейнетінің зейнетін көріп жатыр. Анасы марқұм бес қыз қатарынан болғасын, тұңғыш ұлына серік болар ер бала болар ма екен деп атын «Демалыс» деген ерекше есім береді. Қазынасы мол жомарт құдай Демалыстан кейін ұл береді. Содан болса керек әке-шеше Демалысты еркелетіп, бетінен қақпай өсіреді.

Анасының жастық шағы қиын-қыстау, сұрапыл соғыс кезіне тап болса да, көзі ашық, көкірегі ояу елгезек жан болатын. Әр күнін таңғы алтыда тұрып, мал сауудан бастайтын еді. Жұмысы өз алдына, алаша тоқып, ұршық иіріп те үлгеретін. Оқығанды жақсы көруші еді. Үйдің түйтіңінен бір сәт босай қалса, «Жұлдыз», «Жалын» журналдарынан бас алмайтын. Анасы оқудан ләззат алса, Демалыс істігу, қамырдан мүсіндер жасаудан, қазақы бас киімдер тігуден, қыздары тігін тігуден ләззат алады. Анасы табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында бірнеше жыл қатарынан поселке депутаты қызметін абыроймен атқарып, елдің мұң-

мұқтажын, әлеуметтік мәселелерін, қажеттілігін сауатты түрде билік өкілдеріне жеткізе білді. Сөздің емес істің адамы болды. Мейірімді, құдайға қараған жан еді. Балаларын сөзбен емес, көзбен тәрбиелеген парасатты жан басына тартса аяғына, аяғына тартса басына жетпейтін заманда отағасының табысын ұқсата біліп, азаматтың үйін үй, күйін күй ете білді. Келін алып, қыз ұзатты. Балдай тәтті немере-жиен сүйді. Сыйласып, бір-бірімен «шәй» деспей бақытты өмір сүріп, әке де, шеше де 80 жасқа қараған шағында өмірден озады.

Демалыс 1984 жылы қарапайым отбасына келін болып түсті. Құдайға шүкір, ата-енесі өте мейірімді жандар болып шықты. Жас келінді өз қызындай құшақ жая қарсы алып, бауырына басты.

Атасы Нұрмұхамбет Мағрұпов Өзен кен орнынан алғаш мұнай шығарған М.Кулебякин бригадасында болған майталман мұнайшы. Отағасы Мұхамедсейітпен тату өмір сүріп, ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиеледі. №2 СҚКБ-да, «МФС» ЖШС-де ұзақ жылдар моторист болып абыройлы жұмыс істеп, Өзен кен орны өркендеуіне зор үлес қосып, 2012

жылы көрер жарығы таусылып, өмірден өтті.

«Ат тұяғын тай басар» демекші, әкесі кетсе де ұлы Парахат Мағрұпов «Бұрғылау» ЖШС-де бұрғышы көмекшісі, шебер болып жемісті еңбек етіп келеді. Қыздары дара кәсіпкер. Ұл үйленіп, қыздар теңін тауып ұзатылып, Алланың берген немере-жиендер арасында Демалыс ханым тамырын тереңге жіберген бәйтеректей жайқалып отырған жайы бар.

17 жасынан еңбекке араласқан еңбекқор маман еңбек жолын жөндеуші боп бастап, реттеуші, Әкімшілік-шаруашылық бөлім меңгерушісі болады. Қазір жоғарыда жазғандай ӘӘҚБ инженері қызметін атқарып жүр. Кең пейілді жақсы жандармен әріптес болды.

Білімге құштар жан 1998-2006 жылдары, Маңғыстау политехникалық колледжін оқып «Құқықтану» мамандығын алып шығады. Халықаралық гуманитарлы-техникалық университетінен Квалификация-юриспруденция біліктілігін жетілдіреді.

Бір басқармада табан аудармастан 42 жыл еңбек ету – кез келгеннің қолынан келер бермейтін ерлік десе де болған-



ӘРІ СПОРТШЫ, ӘРІ БАПКЕР ЛАУРА АЙТЖАНОВА ТУРАЛЫ ХИКАЯ

май, тұмсықтыға шоқытпай өсіріп-өндірді. Тәрбилеп шығарды. Білім алып берді. Келін алды, немере сүйді. Аяулы жандар бүгінде бақилық болған.

Лаура баскетбол ойынын да ұнатады. Баскетбол ойнап жүрген ер команда допты себетке мүмкіндігінше жиірек салуға тырысады. «Қиын несі бар?» деп ойларсың. Бірақ себет тым биік орнатылған. Үш метрден астам жоғары тұр.

– Баскетболшылар көбіне бойшаң келеді. Егер олар биікке секіре алатын болса, онда допты себетке допты жоғарыдан тастай алады. Ондай лақтыруды жоғарыдан салу деп атайды, – дейді Лаура Айтжанова.

Бүгінде жаттықтырушы болып жемісті еңбек етіп жүрген еңбекқор жан спорт-



Төрт ағасының арасында өскен Лаура Айтжанова ер бала сияқты жағаласып өсті. Энергиясы көп қыз 8 жасынан спорты жанына серік етіп, каратэмен айналыса бастады. Үлкен ағасы бокс үйірмесіне қатысты.

Жан-жақты спортшы сан алуан спортың кез келген түрін ұнатты. Волейбол болсын, баскетбол болсын, тіпті ер балалармен доп теуіп, қарсылас команданың қақпасына барынша көбірек гол салуға тырысып бағатын-ды.

– Футбол әлемдегі ең әйгілі ойын. Тұрысымен эмоция. Қарсыласына гол салған команда ғана қуанады. Ал қақпасына доп кірген команданың көңіл-күйі бұзылады, – дейді Лаура Айтжанова.

Допты тіземен, баспен, өкшемен ұрып жүрген Лаураны сырттан бақылап тұрған адам қыз десе сенбес еді. Спорт десе ішкен асын жерге қоятын ол барлық жарысқа қатыса беретін. Қатысқан жарыстан жүлдесіз оралып көрген емес.

Спортшы қыздың әкесі Ахмет Айтжанов жүргізуші болып, шешесі Мәрия Айтжанова СЭС-те зертханашы болып еңбек етті. Адал еңбек қашанда адамды алға жетелейтіні сөзсіз. Қарапайым ерлі-зайыптылар балаларын қанаттыға қақтыр-



дай... Отбасымен қатар ер азаматтармен бірге қызмет ете жүріп, мұнайшылар әлеуметтік жағдайының жақсаруына орасан зор үлес қосып жүрген Демалыс Өтекова ортасына сыйлы. Қадірлі маман басшылық тарапынан Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарымен марапатталып, «Маңғыстау мұнайына 50 жыл», «Өзен кен орнына 50 жыл», «Кәсіподақ жұмысына қосқан үлесі», «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Мұнайына 120 жыл», «Өзен кен орнына 40 жыл» төс белгілеріне ие болды.

– Жұмыс орның көп жыл өткен соң екінші отбасыңа айналып кетеді екен. 1974 жылы іргетасы қаланған біздің басқарманың аяққа тұрып, өркендеуі үшін қаншама адам еңбек сіңірді десеңші. Бастапқыда қыстың аязы мен жаздың ыстығы, шаңына қарамастан кішкентай темір вагондарда отырып-ақ, ең алғашқы басшымыз Қойлыбай Тұрақбаевтың ұйымдастыруымен жұмыс басталып кеткен екен. Мен 1981 жылы 17 жасымда Механикаландырылған жөндеу шеберханасына жөндеуші боп келгенде басқарма директоры Амангелді Қылышбаев, цех бастығы Бурабек Оразалиев болды. Осы кісілерден, бұдан бөлек Бақтығали Базылов, Қуантқан Айтмұханов, Жаңабай Қармысов, Қылышбек Оразов, Сатыбалды Лепесбаев, Күртікбай Бисембаев сияқты ағалардан көп нәрсе үйрендім.

40 жылдан астам еңбек етіп, құрметті демалысына шыққан Нұрсауле Оспанова, Мәрия Қияқбаева, Дәмеш Саралтынова, Бибіхан Оңғарбаева, Балиба Күзембаева, Ханым Әлиева, Күнсұлу Қалаубаева, Шархат Исатаева, Бақтылы Абдуллаева, Меруерт Өтеулиева, Мәрзия Бисембаевалар қатарына тартып, қызметтің қырсырын үйретті. Ақылын айтты. Баулыды. Тәрбиеледі. Алтын жандарға алғысым шексіз, – дейді Демалыс Мұқашқызы.

Жан дүниесі сұлу келіншек Шәмші Қалдаяқов, Кеңес Әлімжан, Мейрамбек Беспаевтың әндерін тыңдағанды ұнатады. Асанәлі Әшімов түскен фильмдерді жақсы көреді.

Адамға тек жақсылық тілейтін, жылы жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын Демалыс Мұқашқызы сияқты адамдардың болғаны қандай жақсы!





тың адам баласына тигізетін ұшан-теңіз пайдасы бар екенін айтады.

– Спорт – денсаулық, тәртіп, режим, қарым-қатынас, достық, әңгімелесу! – дейді кейіпкеріміз.

Талантты жанның дүбірлі додада жеңіс тұғырына көтеріліп жүрген шәкірттері де жетіп артылады. Соның бірі 13 жылдан бері тұрақты түрде каратэ-домен айналысып жүрген мұнайшы баласы Еркінбек Байтөреев 2017 жылы Испанияда өткен әлем чемпионатында 1-орын, 2019 жылы Чилиде өткен әлем чемпионатында 3-орын иеленіп, ел мәртебесін көтерді. Болашақта олимпиада чемпионы болсам деген арманы бар талабы таудай, арманы асқақ жас спортшы бапкері Лаура Айтжановаға шексіз алғысын білдірді.

2022 жылдың Қазақстан Чемпионатының чемпионы болған Әлтайыр Жалғасбаев пен Алдияр Мәдениетов те болашағынан үлкен үміт күттіріп жүрген шәкірттері екені сөзсіз.

Анаргүл Қонаева, Гүлмира Тәжікбаева, Сымбат Нұрбергенова, Нұрсәуле Еділова, Ләззат Исламова сияқты спортшы шоғырының әлемдік додаларда топ жаруы – бапкердің еткен еңбегі мен төккен терінің қарымтасы деп түсінген жөн.

Карате, дзюдо, еркін күрес, бокс, волейбол, футбол, баскетбол, жүзу, үстел теннисі сияқты спорт түрінің бәрімен ай-

налысып, жақсы нәтиже көрсетіп жүрген әрі спортшы, әрі жаттықтырушы Лаура Айтжанованың арманы болашақта шәкірттерінен Олимпиада, Әлем, Азия чемпионын шығарып, ҚР еңбегі сіңген бапкері дәрежесіне көтерілу.

Әрі каратэші, әрі киноактриса Синтия Ротрокты үлгі тұтатын еңбекқор, табанды, тәжірибелі, сегіз қырлы, бір сырлы Лаураның алар асуы мен бағындырар белесі көп болғай!



Әке-шешелері мұнай саласында жұмыс істейтін талантты спортшылар, Лаура Айтжанованың шәкірттері биік белестерді бағындырып, небір мықтылар қатысқан бәсекеде топ жарып, жеңімпаз атанып жүр. Олар Еркінбек Байтөреев, Әлтайыр Жалғасбаев, Алдияр Мәдениетовтер.

Жеңіс жас спортшыларға жаңа серпін беріп, көңіл-күйін көтеріп, жігерін оятады.

Бізге ел мен жердің ары мен абыройын асқақтататын осындай азаматтар керек-ақ!

Атақ та, абырой да өздігінен келмейді. Еткен еселі еңбек пен төгілген ащы тердің нәтижесі. Жаттықтырушыға да, спортшыларға да көп рахмет!





«АДАМ СӨЙЛЕСКЕНШЕ, ЖЫЛҚЫ КІСІНЕСКЕНШЕ...»

№1 МГӨБ-те бухгалтер болып жемісті еңбек етіп жүрген Гүлнар Ізбасарқызын басқарма басшылығы мен еңбек ұжымы өз ісінің майталман маманы ретінде жақсы таниды. Кәсібінің жілігін шағып, майын ішкен Гүлнардай маманы көп компанияның ілгерілеп дамитыны сөзсіз. Мұнай саласында 27 жылдан астам тер төгіп, адал еңбек етіп жүрген Гүлнар Құлжұмырова майталман мұнайшы болған марқұм әкесі Ізбасарды мақтан тұтады.

– Мұнай саласына келуіме әкем түрткі болып еді. «Ізке!» дегенде о кісіні басқарманың үлкенінен кішісіне дейін танитын еді деп айтсам артық айтқандық болмас. Жұмысына өте мұқият және аса жауапкершілікпен қарайтын ол, бойындағы жақсы қасиеттердің бәрін де біздің бойымызға сіңіріп кетті. Жұмыс бабында әкемнің принциптерін қатаң ұстанамын, – дейді.

Бухгалтер – экономика және қаржы саласындағы ең сұранысқа ие мамандық

түрі. Кез келген компанияға, фирмаға, ұйымға, серіктестікке бухгалтер керек екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Жақсы бухгалтер үнемі өзін кәсіби тұрғыда жетілдіріп, зейінді, табанды, жауапты, ұқыпты және адал болуы тиіс. Кәсіби басылымдарға жазылып, аталмыш саладағы жаңалықтардан хабардар болуы шарт.

Жұмыстан бос уақытында Гүлнар қолына домбыра алып, күй тартқанды жақсы көреді. Мектепте жүргенде егіз Гүлнар мен Гүлзар саз мектебінің күй тарту өнерін 5 жыл оқып, меңгеріп шыққан болатын-ды. Мерекелерде отбасымен күй тартады. Кейіпкеріміз күй тыңдағаннан рақат табады. Түсінген адамға, күй дегеніміз – адамның әлеммен үндесуі. Домбыра ішегінен төгілген күй Гүлнардың көкірегіне күш құйып, көңіліне қанат бітіреді.

Бәлкім, дүние есігін жаз мезгілінде ашқандықтан болар, әріптесіміз жаз мезгілін қатты ұнатады.

– Еңбек ұжымымен етене жақын араласып, кем-кетігін түгендеп, әріптестер батасын алған басшылықтың көсегесі көгеретіні, соның арқасында компанияның да дәулеті артып, басқалармен бәсеке барысында оқ бойы озық болатыны бәсенеден белгілі. Бізге қарапайым қазақи әңгіме, ашық сөйлесу, еркін форматтағы кездесулер керек-ақ. Шешімін таппай жатқан сұрақтар жоқ емес бар. «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше» демекші, кездесулер барысында көп нәрсе шешілер еді, – дейді Гүлнар Ізбасарқызы.



ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДА...

Менің аты-жөнім Ұлболсын Дүйсенбаева. 1968 жылдың 23 шілдесінде Түрікменстанның Қазандық қаласында дүниеге келдім. Әйтсе де біз Айдын стансысында тұрдық. Ауылым туралы нақты айтсем «киелі жер» деуге жасқанбаймын, себебі көп отбасында көкірегі қазына қарты болды. Дана қазақта «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген мақал бар емес пе? Өмір көрген, өмірден оқығаны мен тоқығаны көп үлкен кісілер ақылдың кені еді. Ауылда бір жағдай болса, қарияларымыздан ақыл-кеңес сұрап, ойларын тыңдап жататын еді. Ауылдағы қазақ, түрікмен, орыс бір үйдің балаларындай тату-тәтті, өзара сыйласып өмір сүрді.

1975 жылы ауылдың үш сыныптық мектебінің мектеп табылдырығын аттап, 1985 жылы Небит-Даг қаласындағы №5 орта қазақ мектебін үздік бітірдім.

1987 жылы Ашхабад қаласындағы Түрікмен мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, 1992 жылы заңгер мамандығын иелендім.

Адам өмірі зымырап өте береді екен. Балалық, жастық шағымыз ешқандай қиындықсыз, алаңсыз өтті. Образдап

айтар болсам, сырдың суы сирағымыздан келмейтін кез болды. Далада асыр салып ойнаймыз. Кітап оқимыз. Теледидардан кино көретінбіз. Студент шақты сағынышпен еске алып қоямын. Ол кезде интернет атаулы жоқ болатын. Маңызды мәліметтердің бәрін қойын дәптерге түртіп алушы едік. Әр түрлі мәдени шараларға қатысып, басқа факультеттің қазақ студенттерімен танысу кештерін ұйымдастыратынбыз. Театр, кинотеатр, музейлерге барушы едік. Жастық шақ кетпестей, өмір өтпестей көруші едік...

Диплом қолға тигесін есею кезеңі басталды. Білім ордасында алған мамандыққа сәйкес қызмет ету, тұрмыс құру, бала сүю процестері сынды күйбең тірліктің қазаны қайнап жатты.

Ең алғаш еңбек жолым Небит-Даг қаласындағы қалалық соттан басталды. Совет Одағы ыдырап, 1990 жылдан бастап мұндағы қазақтар атамекенге қоныс аудара бастады. Осы көшке ілескен менің отбасым да атамекенге 1995 жылы Жаңаөзенге келді. Бастапқы кезде баспана, жұмыс мәселесі туындап, уақыт өте келе құдайдың әмірімен жүйеге түсіп, реттелді.



Өткен күндерге көз жүгіртсем «Өзен-мұнайгаз» сияқты берекелі мекемеде қызмет атқарғаныма 24 жылдан асып барады екен. Өзенмен қатар аталатын кәсіпорында еңбек етемін деген ой мүлдем болмапты. Бәлкім бұл менің несібем шығар... Адам баласы дүниеге келгенде маңдайына құдай бұйыртқан бақыт-несібесі жазылады дейді ғой.

1999 жылы марқұм Бесімбай Хибасов басшылық еткен бөлімге заңгер болып жұмысқа орналастым.

Кез келген адам баласы көрмеген, білмеген жаңа нәрседен сескенетіні сөзсіз. Бастапқыда «білетінім бір тоғыз, білмейтінім тоқсан тоғыз, қалай болады екен» деп жасқандым. Құдайға шүкір, кәсібінің жілігін шағып, майын ішіп отырған Бесімбай Хибасұлынан көп нәрсе үйреніп, кәсібіме қолданып, абыроймен бірлесе жұмыс атқардық. Жұмыс істеген жылдары еңбек баспалдағымен көтеріліп, белгілі бір жағдайларға байланысты жұмысты ауыстырып, қазіргі таңда Құқықты қамтамасыз ету департаментінде аға заңгер лауазымындамын.

Ұжым өте тату, міндетіне сергек қарап, әр ісін тиянақты орындайтын кәсібінің қыр-сырын меңгерген нағыз майталман мамандармен бірге әріптес болғаныма өте қуаныштымын.

«Ана бір қолымен баланы, екінші қолымен әлемді тербетеді», деген нақыл бар. 21 ғасырда қыз-келіншектерін төрт қабырғаға қамалып, қарайып қалғанын қаламаймын. Жалпы өзімнің байқағаным қазақтың қыз-келіншектері қай-қай жа-

ғынан да мықты. Олар кез келген салада ер-азаматармен үзеңгілес ерен еңбек ете жүріп, отбасы жағдайын да назардан тыс қалдырмайды. Баланы да тәрбиелейді, байдың да жағдайын жасайды. Қоғам дамуына да өлшеусіз үлес қосып жүр.

Тағдырыма еш өкпем жоқ. Немере қызықтап отырған бақытты ата-әжеміз.

Роза Рымбаева, Медеу Арынбаев, Мәдина Сәдуақасовалардың әндерін сүйіп тыңдаймын. «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Көшпенділер», «Кек» фильмдері ұнайды.

Тағамның тәттісін жеуден ләззат аламын. Келіндеріме «тамақты уыттап аз-аздан пісіріңдер», деп ескертіп қоямын.

Отбасымен, тумаластарыммен саяхаттағанды ұнатамын. Саяхат бітпейтін күйбең тірліктен құтқарады. Жақындарымен әңгімелесу, тыңдау, ойын-күлкі бақыттың нақ өзі.

Қолым қалт еткенде, жаным мен жүрегіме тыныштық сыйлайтын хоббиім тігін тігемін. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер», «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Бірлік болмай, тірлік болмайды», «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Абысын тату болса ас көп» деген мақалдарды күнделікті айтып, бала-келін, немерелер құлағына сіңіріп отырамын.

Армансыз адам, қанаты жоқ құс іспетті емес пе? Әр адамның арманы өмір сүруге ұмтылдырып, алға қарай жетелейді. Армандарымыз әрқашан орындалсын!



ЕЛ НЕСІБЕСІ ҮШІН ТЕР ТӨГІП ЖҮРГЕН ҚҰРМАНҒАЛИ

Құрманғали Исатаев темірдей төзім, сарқылмас сабыр қажет ететін мұнай саласында 1996 жылдан бері еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген білікті де білімді мұнайшы.

Кәсіби еңбек жолын «өндіріс күретамыры» аталып кеткен Скважиналарды жерасты жөндеу цехында оператор болып бастап, жұмысқа деген ынта-жігері арқасында 2003 жылдан бері ынтымағы мен бірлігі жарасқан Скважиналарды жерасты жөндеу бригадасы шебері лауазымын абыроймен атқарып келеді.

«Ер азамат үшін елі мен жері игілігіне қызмет етуден артық бақыт жоқ», деп есептейтін ол әріптестерінен қатаң тәр-

тіп, жауапкершілік, жұмыла еңбек етуді талап етеді.

Жастық жігерін Өзен кен орны өсіп-өркендеуі жолына сарп етіп, ел несібесі үшін тер төккен азаматқа мерейлі 50 жасыңыз құтты болсын дейміз. Білгені мен түйгені көп, болашағы жарқын жанның деніне саулық, отбасына амандық, жұмысына табыс тілейміз.

Мақтаулы ұл-қызға әке, аяулы жанға отағасы болу бақытына бөленген мерейтой иесіне әр күніңіз шаттыққа толы болып, ағайын-туыс, достар арасында құрметке бөленіп жүре беріңіз дей отырып, мың да бір алғыс білдіреміз.



№1 МГӨБ-ке қарасты №1 ҚҚСЦ жұмысы аса маңызды. Аталмыш цех мұнай өндірілген қабатқа су айдау арқылы қабат қысымын сақтап тұрады. Аталмыш цех бастығы Тілеуберген Нұржаубеков еңбек жолын осы цехта оператор, аға шебер, орынбасар болып жалғастырып, 2000 жылдан бері бастық лауазымын атқарып, Өзен кен орны көркеюіне өнімді еңбек етіп келеді.

Өндірісте қолданылатын құрылғылар күрделілігі мен әртүрлілігі мамандардан кәсіби білік пен тәжірибені талап етеді. Қабат қысымын сақтау операторы, сораптар стансысының машинисі, техқондырғы операторы және слесарь-жөндеушілер өздерінің міндетін аса жауапкершілікпен атқара отырып, технологиялық процестің өте жоғары деңгейде жүргізілуін қамтамасыз етеді. Құрамына 3 «а», 4, 4 «а» және 5 шоғырланған сораптар стансылары мен су ысыту қондырғылары кіретін, сондай-ақ қорында 249 скважина және 19 сорабы бар цехта 139 жұмыскер жана-шырлықпен еңбек етіп жүр.

Саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған ардагерлер Байрамтаған Нұрбаев, Ислам Қонысов, Марат Нысанбаев, Тойдық Төлесінова, Әсия Өтесінова, Рәзия Түлкібаеваларға бек ризамыз.

2022 жыл қорытындысы бойынша ең үздік шоғырланған сораптар стансысы аталымын №3 «а» ШСС жеңіп алды. Марапат жұмыскерлерге жігер мен шабыт сыйлап, жұмысқа деген ынтасын арттырды.

– Ағабек белсенді жігіттің бірі. Бос уақытында спортпен айналысып, жүлделі орын иеленіп, марапатқа ие болып жүрген жан. Өз ісін жан-тәнімен атқаратын адал жұмыскер, – дейді цех бастығы.

Өмірінің 30 жылдан астам уақыты өндіріспен өрілген 3 «а» ШСС аға шебері Нұрберді Шүрменов күн сайын тиісті аумақтағы 91 скважина мен 8 сораптың жіті бақылап, жай-күйін назарда ұстап отырады.

– Біздің қызмет мұнай өндірудегі маңызды бағыттың бірі. Егер қабат қысымы төмендесе немесе керісінше артық болса, жер ойылып немесе субұрқақ пайда болуы мүмкін. Жұмыс маңызын сезіне отырып, көрсеткіштің әр санына мұқият қараймыз. Ұжым ұйымшыл, үнемі көмектесуге дайын тұрамыз, жастарға білгенімізді айтудан еш жалыққан емеспіз, – дейді аға шебер.

Жұмыстағы сорап, құрылғы, аспап, жабдықтың бәріне қожайынның көзімен қарап, ел үшін ерінбей еңбек етіп, адал нан тауып жүрген цех ұжымы жасасын!



ӘНЕС ҚАРАБАСОВ: «МҰНАЙШЫ ҚЫЗ, СІЗ МАҒАН ҰНАЙСЫҢЫЗ!»

Бұрғылау жұмыстары басқармасында жұмыс істейтін сазгер Әнес Қарабасовты компанияда танымайтын адам кемде-кем. Бүгінде дарынды жанның авторлық 13 әні бар. Өнерпаз мұнайшы қалалық, облыстық, республикалық ән байқауларына қатысып, небір мықтылар арасынан оқ бойы озып келіп, жеңіске жетіп, жүлделі орындар иеленіп жүр. Өнер жолына келуіне ұстазы Дәурен Бердібековтің ықпалы зор болған.

Әнестің береке-елі де мерекелі отбасында тәртіпті де тәрбиелі ұл-қызы өсіп келеді. Екінші ұлы Талғаты әкесіне еліктеп күй тартып, гитарада ойнайды. Өнер адамы Әнес сары түсті киім мен қытымыр қыстан кейін дүниені гүлдендіріп те, түрлендіріп те келетін көктем айын ерекше жақсы көреді. Еліміздегі мұнайшылар арасында хитқа айналған «Мұнайшы қыз» әнінің сөзін ақын Арғынбек Қалбай жазған.

– Сөзіне қарағанда сезімге берілгіш ақын жігіт мұнайшы қызға ғашық болған іспетті. Мұнайшы қыз бен ақын жігіттің арасында мен жоқпын. Мен тек әуенін шығарып, өңдеп, сахнадан орындап, елге жеткіздім. Ән көпшілік көңілінен шықты. Жүректен шыққан нәрсенің, жүрекке жететіні айтпаса да түсінікті ғой. Ән хитқа айналып, мұнайшы мерекесінің көрігін қыздырып жүр, – дейді Әнес Қарабасов.

Өнерпаз мұнайшының бабын жасап, жұмыстан тыс уақытында шығармашылықпен айналысуына қолайлы жағдай тудырып жүрген жары Күләшке ырзамыз.

«Көтермесе көңілді кір басады» демекші, әріптесімізден тағы да «Мұнайшы қыз» сияқты жақсы ән күтеміз.

Өндеріңіз арқылы мұнайшылар рухын көтеріп, көңілін шалқыта беріңіз, қадірлі жан!



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ



Нұрдаулет Қилыбай
«Өзенмұнайгаз» АҚ
бас директоры

Нұржан Әбдірахманов
бас директордың
бірінші орынбасары

Ермек Қарамұрзаев
бас директордың өндіріс
жөніндегі орынбасары

Шолпан Пангереева
бас директордың
геология және игеру
жөніндегі орынбасары



Өсербай Тұрсабеков
бас директордың еңбекті
қорғау, өнеркәсіптік
қауіпсіздік және
қоршаған ортаны қорғау
жөніндегі орынбасары

Қуаныш Бекмағанбетов
бас директордың
экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Әлібек Данабаев
бас директордың кадр
және әлеуметтік сұрақтар
жөніндегі орынбасары

Бауыржан Мәмбетсапаев
бас директордың
жұртшылықпен және
мердігер ұйымдармен
байланыс жөніндегі
орынбасары



Мұхаметжан Төлендіұлы
бас директордың
коммерциялық сұрақтар
жөніндегі орынбасары

Нұрбек Союнов
транспорт жөніндегі
басқарушы директор

Бауыржан Жұбаназаров
әлеуметтік саясат
жөніндегі басқарушы
директор



Сенбай Бекежанов
құқықтық сұрақтар
жөніндегі басқарушы
директоры

Жанболат Саймағанбетов
бас технолог

Қанат Нұрпейісов
қаржы директор
қаржы бақылаушы

ӨНДІРІСТЕ ӨТКЕН

30 ЖЫЛ



Құрықта дүниеге келген Талғат Тілегеновтің отбасы 1986 жылы Жаңаөзенге табан тірейді.

Скважиналарды жерасты жөндеу операторы болып жемісті еңбек еткен әкесі Мұхит Тілегенов мұнай саласында өзіндік қолтаңба қалдырған ардагер-мұнайшы. Анасы мектепте кіші қызметкер.

Інісі де, қарындастары да білім саласында еңбек етіп, өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып келеді.

1991 жылы училище бітірген Талғат Мұхитұлы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келіп, ТТБ-ға 2-дәрежелі көлік жөндеушісі болып жұмысқа орналасады.

Аталған басқармада 5 – дәрежеге автокөлік жөндеушісі болып дейін көтерілген қызмет атқарып, 30 жылдан бері мұнай саласында өнімді еңбек етіп жүр. Еңбек-қор мұнайшыға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасы, «Өзен кенорны 55 жылдығы» мерекелік медалі тапсырылып, 2018 жылы «Үздік жөндеуші – 2018» номинациясын иемденді.

Талғат бүгінде бірнеше немере сүйіп отырған бақытты ата. Жыл өткен сайын Жаңаөзеннің көркейіп келе жатқанына шын жүректен қуанады.

– Мақпал Жүнісова мен Мейрамбек Беспаев сынды әншілердің әнін тыңдағанды ұнатамын. «Ұлыс күні кәрі-жас, Құшақтасып, көріскен. Жаңа ағытқан қозыдай, Жамырасып өрістен», – деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлағандай, мен көктем мезгілін ұнатамын. Көктемде жәндік

атаулының бәрі шығып, қой қоздап, көк шығып, ақ молаяды», – дейді Талғат Тілегенов.

«Өзенмұнайгаз» сияқты алып компанияда еңбек ететін мұнайшы өз жұмысына дән риза. Еңбек демалысында «Кендірлі», «Сарыағаш», «Манкент» шипажайларында денсаулығын нығайтып, жұмысқа тың күшпен келеді.

Мұнай өндірісі іркілісті көтермейтін процесс. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан ұжымда аптап-ыстыққа, боран-суыққа қарамай ел ертеңі мен баянды болашақ үшін қызмет етіп жүрген Талғат Тілегеновке зор ризашылық білдіреміз.





ТАҒДЫРЫНА РИЗА ЖҮРГІЗУШІ

Қобылан Қошанов 1962 жылы 3 ақпан күні түрікмен елінде, нақты айтатын болсақ, Бекдашы-Алтыншыкөл поселкесінде дүниеге келді. Үйдің үлкені болған ол өзінен кейінгі үш қарындасы мен інісіне қамқор, әке-шешесіне қолғанат болды. 1963 жылы әкесі жұмыс бабымен Жаңаөзен қаласына көшіп келеді. Бір жасында атамекенге келген Қобылан Қызылсай ауылында мектеп табалдырығын аттап, 1973 жылы отбасы қалаға көшіп келуіне байланысты оқуын Төлесін Әлиев атындағы №1 мектепте жалғастырады. Мектепті бітірген соң №2 ТТБ-ға слесарь-жөндеуші болып жұмысқа орналасады.

1980 жылы мамыр айында әскерге шақырылып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келді. Жігерлі жас жігіт №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасына өзі ұнатқан жүргізуші кәсібі бойынша жұмысқа тұрады.

Күн мен түнді ұршықша иірген уақытқа не дауа?! Содан бері аттай 41 жыл бір күндей зу етіп, артына бір бұрылып қарамастан өте шығыпты. Бүгінде 19 жасында көңіл жарастырып отау тіккен жан жары Дәнданай Ермағамбетова екеуі ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп, ұлдан немере, қыздан жиен сүйіп отырған бақытты жан.

– №5 СҚКБ-да ел игілігі үшін еңбек етіп, ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргенімді мақтаныш етемін. Еткен еңбек пен төгілген тер текке кетпеді. Басшылық тарапынан алған Алғыс хат пен Құрмет грамоталары жетіп-артылады. Бала-шағамның ырзық-несібесі ретінде темір тұлпарымды көздің қарашығындай сақтап, жақсы күтіп ұстаймын. Өмірдің ащы-тұщысын бірге татып, жа-

ныма жалау болып, балаларымды тәрбиелеп, үйді үй, күйді күй етіп отырған асыл жарыма дән разымын. Дәнданай күні кешегі дейін №3 МГӨБ-те еңбек жолын қарапайым операторлықтан бастап, кейін 20 жылдай реттеуші болып, мұнай саласында 43 жыл жемісті еңбек етіп, бүгінде еңбегінің жемісін жеп отырған бақытты әже. Екеуіміз сырласып, сыйласып өмір кешіп келеміз. Отбасыда туындаған кез келген мәселені ақылдасып шешеміз. Немерелермен қыдырамыз. Дубайда, Қытайда болып, саяхаттап жүрміз. Ауылға келгесін балапандар саяхаттан алған әсерімен бөлісіп, мәз болды. Өзіме жарық дүние сыйлап, қанаттыға қақтырмай, тұмшықтыға шоқытпай өсірген әкешешеме басымды иіп, алғыс айтамын. Бақытты да баянды ғұмыр нәсіп еткен Алла тағалаға сансыз шүкіршілік, – деді Қобылан Жұмалыұлы.



21 ҒАСЫРДЫҢ ЖИҺАНГЕЗІ

1956 жылы 15 шілдеде Небит-Даг қаласында дүниеге келген Күміс Тілеуованың отбасы 1969 жылы 6-сыныпта оқып жүргенде Қызылсай ауылына көшіп келді. Әкесі арнайы шақырумен Мангышлак-нефтегазстрой трестіне (МНГС) құрылысшы болып жұмысқа тұрады. Көп балалы үйде өссе де тақылдаған пысық қыз 1973 жылы ауылдағы №4 қазақ орта мектебін үздік бітіріп, сол жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, Өндірістік қызмет көрсету базасына қарасты Өндірісті автоматтандыру цехына слесарь шәкірті болып жұмысқа орналасады. Дәл сол жылы Татарстанның Бугульма қаласына барып оқып, 2-дәреже алып келеді. Еңбек жолы осылай басталған жас маман 1975 жылы комсомолдың қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін «НГДУ Узеннефтінің» Комсомол Комитетіне статист, есеп бө-



лімінің бастығы болып жұмыс жасайды. Жұмыстан қол үзбей кешке Атырау политехын 1984 жылы бітіріп алады. 1983-1997 жылдар аралығында УПНП и КРС мекемесінде, 1997-2016 жылдар аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ басқару аппаратында есепші, аға есепші болып жемісті еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына орасан зор үлес қосады. 2016 жылы құрметті демалысқа шыққан Күміс Тілеуова әлдекімдер сияқты қол қусырып, қарап қалмады. «Мерей» деген дәмханасын ұршықша иіріп, кәсібін дөңгелетіп отырған жайы бар. Бос уақытында қазақша өн тыңдап, орысша кроссворд шешіп, өмір туралы телехикаялар қарайды. Ел көріп, жер көріп, саяхаттағанды жаны сүйеді.

– Еуропаның, ТМД-ның көптеген еліне бару бақыты бұйырды. көптеген елдеріне бардым. Қазақстан қалаларын араладым. 2 жылдан бері Инкрузис компаниясына мүше болып лайнермен круизге шығып жүрмін. Отағасы да зейнеткер. Екеуіміз қыздарымызды тәрбиелеп, білім алып бердік. Ұзаттық. Бүгінде бірінен-бірі өткен тәтті 11 балапанның әжесімін, – дейді кейіпкеріміз.





Күміс Жаңа Қазақстанның өсіп-өркендеп, озық 50 елдің қатарына өніп, импортқа тәуелді болып, тек мұнайға байланып қалмай, басқа елдер сияқты туризмды дамытатын жастар өсе берсе екен деп армандайды. Жаңаөзеннің өсіп келе жатқан білікті де білімді жастары Астанада Мәжілісте, Сенатта отырып, ел игілігіне қызмет ететін дұрыс шешімдер қабылдаса ғой шіркін, деген арманы бар.

О бастан есепті, есептегенді жақсы көретін Күміс есепші мамандығын кездейсоқ таңдаған жоқ. Бүгінде есепшілік кәсібінің арқасында кіріс пен шығысты баланста ұстау арқылы шағын кәсібін еш қиындықсыз дөңгелетіп отыр.

43 жыл өндірістің қозғалыс есебін жүргізіп келген Күміс ісін жан мен тәнін бере сүйсіне жүріп істейді. Кәсібін жақсы көретін адам жұмысын істегенде еш шаршамайды.

– Еңбек адамды шынықтырып, шыңдайды. Есейтіп, еңсесін тіктейді. Қаржы саласында көп қиындық болды. Әйтсе де берілген жоқпыз. Керісінше пісіп, шыңдалып, шымыр болдық. Жұмыста жүріп отбасы қамын, бала тәрбиесін ұмытқан емеспін. Адам ұқыпты болса, уақытын дұрыс жоспарлай білсе, бәріне үлгереді. Отағасының бабын таптық, балаларды да өсірдік, бүгінде әрқайсы бір-бір үйдің иесі болып, бала тәрбиелеп отыр. Біздің жолымызды қуып, әр салада маман атанып, еңбегінің жемісін көріп отыр, – дейді позитив жан.

Күміс Жайлауқызы Маржан Арапбаеваның әнін тыңдайды. Түріктің «Елші қызы» сериалын сүйікті фильмі қатарына жатқызады. Сүйікті актрисасы Татьяна Арнтгольц екен.

Хакім Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей» деген нақылын

өзінің өмірлік ұстанымы етіп алған Күміс еңбек еткеннен ләззат алатын нағыз еңбекқор жан.

21 ғасырдың жиһанкезі Франция, Мысыр, Әмірлік, Түркия, Дания, Норвегия, Германия елдерін армансыз аралап, саяхаттан көп әсер алып қайтыпты. Алдағы уақытта Мекке-Мәдинаға зияраттап, ары қарай Дубай, Абу Даби, Катар, Оман елдеріне лайнермен шығатын круизді броньдап қойыпты.

– Саяхаттың адам баласына берері мол. Копенгаген елінің тұрғындары тек велосипед пайдаланады екен. Біздегідей қара жерге сыймайтын жипті емге таппайсың. Әр елдің архитектурасы әр түрлі. Талайларға арман болған Париж, Санкт-Петербург қаласын еске түсіреді. Мысырдың Каир қаласына біздің Қазақстан тұрғындары түгел сыйып кетеді екен. Шетелдер туризммен байып отыр. Істің көзін тауып, туризмді оң жолға қоя білсек, құдайға шүкір, бізде де өзгеге көрсететін жақсы жетеді, – деді Күміс Тілеуова.

Зейнетте жүрген ақылды жан өткен күндерін сағынышпен еске алып, үзеңгілес болған әріптестеріне шексіз ризашылығын білдірді.

– Ахмет Қожанепесов басқарған есеп бөлімінде 20-ға жуық креатив бухгалтер жемісті еңбек ете жүріп, мәдени шаралардан тыс қалып көрген емеспіз. Түрлі қойылымдар ұйымдастырып, жүлделі орынды ешкімге бермейтінбіз. Студент кезім есіме түседі. Мен күндіз жұмыста жүріп, политехты жұмыстан кейін кешке оқыдым. АЖТБ директоры болып көптеген жыл жұмыс істеген Әнуар Талдыбаев бізге сабақ берді. Мектептегі қызығы мол күндер де алыстан қол бұлғап қояды. Ер балалар бұрымнан тартып, есейе келе сезімін хатпен білдрүші еді. Ол кезде телефон, интернет болмады. Адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы шынайы болушы еді, – деп еске алады алыста қалған сағым жылдарды кейіпкеріміз.


Күміс ханымның ертегіге бергісіз өмірі зейнетті қандай да бір үкім, төрт қабырғаға қамалу деген стереотипке берілген соққы. Түсінген адамға, зейнетке шыққан адамның екінші тынысы ашылып, жаңа әрі жарқын өмірі басталады. Бұл сөзімізге Күміс ханымның өмірі куә екені сөзсіз.



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ

МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 411 314
НАҚТЫ 389 020
АУЫТҚУ -22 294




ГАЗ КОНДЕНСАТЫН
ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 324
НАҚТЫ 351
АУЫТҚУ 27



МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 410 494
НАҚТЫ 387 961
АУЫТҚУ -22 533





МИНИМАЛИЗМ ТРЕНДКЕ АЙНАЛДЫ

«Үнемшілдік – ырыс, ысырапшылдық – шығыс» деген әдемі сөз бар. Қазіргі заман адамдары ақшасын оңды-солды шашып, қажетсіз әрі тиімсіз зат сатып алып, үйін қоқысқа толтыруға әуес. Әлем «шипоголизм», «шопомания» дертіне шалдықты.

Қоғамда бақталастық жәрмеңкесі қызып тұр. Дүбірлі додадан ер-азаматтар да тыс қалмады. Қысы-жазы сауда жасауға деген құмарлық дерті дендеп алды.

Қанағатсыздық дәнін егуге теледидарда үздіксіз берілетін алуан түрлі жарнама үлесі шексіз. Дамыған заманда технологияның түр-түрі шығып, делебе қоздырады. Ұялы телефонның соңғы үлгідегі нұсқасы қолына түскенше күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылатындар пайда болды. Дана қазақтың «Тарта жесең тай қалады, қоя жесең қой қалады» деген даналығын естен шығармай, минимализмді өмір салтына айналдырайық!



НӘПСІНІҢ ҚҰЛЫ БОЛМА!

Арамызда жинаған дүниелерімен ішек-қарны араласып кеткен адамдар да кездеседі. Нәпсі адамды, қоғамды, тіпті заманды жын қақтырып, пенденің басын тауға да, тасқа да соқтырып жүр.

Тойса күптілікке, тоймаса күпірлікке ұрындыратын нәпсі әбден діңкелетті.

Адам бар жерде, ырзық айыру тоқтамақ емес. Әйтсе де өз балына тұншығып өлетін аралар сияқты өз байлығының құлы болып өлетін адамдар көбейді.

Жапон деген ақылды жұрт кайзен жобасына ден қойып, өмірін пайдалы кітап оқуға, өзін дамытуға, жетілдіруге арнап, артық ұйқы, пайдасыз әңгімеден бас тартып жатыр.

Кісі өмірі онсыз да қып-қысқа, ақылды жан оны шірік дүние жинауға арнамаса керек-ті.

Өмір екі айналып келмейді, оны аяп жұмсау керек. Бір нәрсе анық: адам кем болса – талпынбағанынан, артық болса – талабынан.

ЖІГІТ ПЕН ҚЫЗ

Айжанды құрбылары қоймай жүріп, массажшы Ержанмен таныстырды. Жігіт әдемі гүл шоғын әкеліп, «Аққу» кафесіне кездесуге шақырды.

– Атыңыз әдемі екен. Ай және жан, яғни айлы жан деген сөз, – деп келе жатыр еді...

– Қойыңызшы жылтыр сөзді жаным жек көреді, – деп шорт кесті қырсық қыз. Қапелімде сөзден тосылып қалған жігіт сасқанынан күліп жіберді.

Теледидардан «Наурызды ерекше атап өту үлкен мәнге ие. Бір дастарханнан дәм татып, араздасқан жандар татуласып бақ-ырысқа кенелетін бұл мейрам – баршамыздың ортақ құндылығымыз», – деп тақылдады сүйкімді журналист қыз.

Мединституттан қатарынан екі жыл «құлап», әкесінің базарда тұратын пысық апасы Аймекеннің құрбысының «Бөбек» деген жекеменшік балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істейтін Айжан табиғатынан сызылып, бет моншағы үзіліп тұрған нәзік адам емес-тін.

«Әр күнімді тиын санаумен өткізетін жайым жоқ», – деп айқайлады ұялы телефонмен сөйлесіп отырған көрші үстелдегі сүйкімді келіншек. Айналамда адамдар бар екен деп еш қымсынатын емес...

– Осыншама байлықтың кілті 30 жыл бойы Назарбаевтың қолында тұрды... деп екі жігіт саясат тақырыбын сапыра бастады.

Айжан үйіне кеткісі келді.

– Қойыңыз, бала-шағаның уақыты, әлі отыра тұрсақ қайтеді, – деді жігіт қиылып...

Есік алдында тұрған қара жип Ержанның дәулетінің куәсі іспеттес. Дара кәсіпкер өзінің қызметі туралы сөз өрбітті.

– Бір кәсіпті меңгеріп, соны адал, кәсіби түрде істеген адам аштан өлмейді. Гарантия! Дара кәсіпкерліктің бір артықшылығы ешкімге тәуелді болмайсың, клиентті қалаған күні, өзіңе ыңғайлы уақытта қабылдайсың. Жұмыс кестесіне байланбайсың. Өзіңе-өзің бастықсың.

Ешкім төбеңнен төніп тұрмайды. Ешкім әкіреңдемейді. Ешкім артық сөз айтпайды, – деді Ержан.

Айжанға киген киімінің түсі де ашық, сөйлескен үні де ашық Ержан ұнай бастады. Жігіт өзін ынтамен тыңдап отырған Айжанға қарап отырып, өзі туралы, өмір туралы әңгіме айта берді.

Түстеніп болған екеу далаға шықты. Күн райы керемет боп, көк аспан күлімдеп қаланың үстіне төңкеріліп тұр екен.

– Жаяу жүрсек қайтеді, – деді Айжан. Жігіт бірден бас изеді.

Айжан 2 операция жасатып, химия-терапиядан шашы түсіп қалған шешесі туралы айтпақшы боп оқталды да, тілін тістеді. Аяғына тұрғызамын деп әкесінің қарайған ақшасын қағып алып, жоқ боп кеткен алаяқтар туралы сөз қозғауды артық деп тапты.

Саябақта серуендеп жүріп қыз бен жігіт оқып жатқан кітабы мен көрген киносын айтты. Ержан бойжеткенге облыс орталығына драма театрына барсақ қайтеді деп ұсыныс жасады.

Үйге келген соң ерке қыздың «мораль тыңдағанды да, айтқанды да ұнатпаймын», «ойы жоқ, сөзі бекер, әңгіме айта алмайтын, тек мылжыңдайтын, жеке ше-гараңды өрескел бұзатындарды жек көремін», «адамдармен жұмыс істеу өте қиын, энергияңды сорып алып, шаршатады», «мен өмір бойы жылу, мейірім беретен энергия өндіріп отырған зауыт емеспін...», деген сөздерін есіне түсіріп, жымиыды.

Дәл осы кезде қыз да жігіттің айтқан сөздерін ой елегінен өткізіп, аяқ астынан беймәлім сағыныш пен мұң шырмаған көңілін немен жұбататынын білмей әрі-сәрі болып отыр.

Су ағып, дүние жаратылғаннан бері жұмыр басты, екі аяқты пендені тобырға айналып кетуден сақтап келе жатқан сезім атты құдірет жігіттің де, қыздың да ұйқысын ұрлап, дөңбекшітіп қойды.

**Ардақты әріптестер!**

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізбен біз мақтан етеміз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы**ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!**

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қиындыққа толы құбылыстарын бастан өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлену – кез келген адамның қолына түсе бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Джубан Бердыманов
Кенесбай Кульджанов
Рахмет Куразов
Рахмаш Курбанова
Александра Удянская
Өтебай Көркембай
Калия Карабасова
Муратбай Дильмаков
Ақбилек Абдигулова
Кидырхан Турниязов
Уринай Баджикова
Ақжан Декеева
Шихмурад Шихбабаев
Турлыбай Куванов
Базарбай Ошанов
Ахмурат Султанбаев
Тиркешбай Орунбасаров
Мунал Улукманов
Саржан Кидирбаева
Даметкен Сисенбаева
Суюнбай Адиллов
Турарбек Муханов
Анатолий Кишенин
Самат Асауов
Куляш Омарова
Анвар Талдыбаев
Мухамеднепес Мовлямов
Санен Мергенбаева
Айу Орынбасаров
Галия Кулсариева
Қуанышқали Татимкулов
Калмырза Джармагамбетов

Сахим Казнаев
Ақжигит Турбаев
Баршан Утепова
Абдулла Сабилов
Жума Бекмаганбетова
Мурат Каултаев
Азанбай Нургалиев
Канчаим Чонтыбаева
Избайлы Мухамбеталиева
Дузбай Тилевбаев
Аклепес Тулаев
Туйме Махмутова
Айыш Кашыгулова
Зайдулла Кульжанов
Муса Умарбаев
Айсулу Кошкинбаева
Өмірбай Ізбай
Акмурат Кармысов
Салима Ергалиева
Жанибек Амитов
Куспан Мусағалиев
Асия Утесинова
Дуйсенгалы Жумашов
Мустафа Каржаубаев
Сайн Тулешов
Жонас Менешева
Нурмуханбет Отегенов
Сапарбай Бокаев
Берик Назарумбетов
Калдыгожа Карабалаев
Утебек Бегешов

